



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІ**

**«Ә. ҚАСТЕЕВ атындағы ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ»**

**Ә. ҚАСТЕЕВ атындағы ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ  
2022 жылы  
АТҚАРҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

**Алматы, 2022**

# Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2022

### МАЗМҰНЫ

Музейдің 2022 жылғы негізгі жетістіктері	3
<b>МУЗЕЙ БӨЛІМДЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ</b>	
Қор және реставрациялық жұмысы	12
<b>ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ</b>	25
Қазақстан көркемсурет өнерінің ғылыми бөлімі	26
Сәндік-қолданбалы өнер ғылыми бөлімі	31
Шетел өнерінің ғылыми бөлімі	38
Музей жұмысы аясындағы ғылыми сараптама	41
Музей қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары	42
Халықаралық конференция, семинар, дөңгелек үстелдерге қатысу	50
<b>МУЗЕЙЛІК ОҚИҒАЛАР</b>	
Дөңгелек үстел, семинар, шығармашылық кездесулер	53
Көрме-экспозициялық жұмыстары	55
Музейдің баспасөз қызметінің жұмысы	70
Музейдің әлеуметтік және қайырымдылық жобалары	133
Ақпарат және баспа жұмысы бөлімі	134
Қастеев Музей-үйі	135
Музейдің ғылыми кітапханасы	136
Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратты күтіп-баптау мен қызмет көрсету бөлімі	138
Қаржы есебі	140

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

## **МУЗЕЙДІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі өткен жылдың қорытындысында барлық музейлік бөлімдердің жетістіктерге толы қызметін атап көрсетеді. Музей еліміздің мәдени мұрасын сақтай отыра, насихаттау жұмыстарының басты міндеті музей жинақтарын сақтау, қалпына келтіру, зерттеу мен жұртшылыққа ұсыну арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Барлық жұмыстың қызметі бекітілген жоспар мен жоспарлы көрсеткіштерге сәйкес атқарылады.

Музей құрылымына қор сақтау және реставрация орталықтары, ғылыми бөлімдер, жобалау қызметі және музей педагогикасы орталығы, баспасөз қызметі, көрме және экспозиция орталығы, баспа бөлімі, техникалық қызметтер және әкімшілік аппарат кіреді. Музей жанында оның екі бөлімшесі жұмыс істейді: Орталық көрме залы мен Ә. Қастеевтің Музей-үйі. Музей қызметінің қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық, білім беру, жобалау және т.б негізгі түрлерін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелердің жоспарлы және үйлесімді жұмысына негізделген.

### **Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің 2022 жылға арналған жалпы сандық есебі:**

- **Жаңа түсімдер – 130** (10 сақтам бірлік негізгі қорға қабылданды, 120 – қосымша қорға), икондар – 4 (ресейлік мамандардың қатысуымен жоспардан тыс қалпына келтіру жұмысы). 2022 жылдың желтоқсан айында **қордың жалпы саны 25 909** сақтам бірлікті құрады.
- **136 туынды қалпына келтірілді:** кескіндеме – 49, графика – 55, мүсін – 6, зергерлік заттар – 20, жұмсақ бұйымдар – 2.
- **Көрмелер – 60 (Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ және ОКЗ):**
  - оның ішінде **7 халықаралық** (Алессандро Шараффа көрмесі, Италия; Сабиджан Бабаджанов көрмесі, Қырғызстан; Қорқыт дыбыстық өнерінің биенналесі; халықаралық киіз фестивалі; «Әлем бейнесі»; Александр Невгода коллекциясының көрмесі, ОА қолөнерлері жәрмеңкесі);

- **3 республикалық** (16 инсталляция арт көрмесі; «Өнер сананы өзгертеді», Армат Бектас; ҚР Суретшілер одағының жылдық қорытынды көрмесі),
- **10 қор көрмесі** (Жеңіс күніне арналған көрме; «Алтын бесік» халықаралық балалар күніне көрмесі; П. Зальцман мерейтойлық көрмесі; ежелгі орыс өнерінің көрмесі; Қытай өнері көрмесі; «Дюрерден Эйфертке дейін»; «Сергей Калмыковтың соңғы тұрағы» көрмесі; «Қазақстан өнерінің 100 жауһары»), оның ішінде сыртқы **2 көрме**: Ақ Ордадағы «Қазақстан – Қытай: мыңжылдық диалог» және и РБК банктегі Сидоркин көрмелері).

#### **Ең маңызды бірқатар көрме жобалары:**

- «**Қазақстан өнерінің 100 жауһары**», желтоқсан 2022. Samsung компаниясының қолдауымен өткен бұл жоба аясында аталмыш тақырыпта 3 тілде альбом мен Қазақстанның үздік көркемөнер туындыларының көрмесі ұсынылды.
- Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ коллекциясынан **Ежелгі орыс өнерінің көрмесі** (шілде 2022) USPEvolution қоры мен қазақстандық православ метрополиі қолдауымен тақырыптық каталогы басылып шығарылды. Көрме жұмысы және каталог басылымымен бірге осы жоба аясында ресейлік реставраторлар шақырылып, музей қорындағы төрт икона қалпына келтірілді.
- **Қытай өнері көрмесі мен музей коллекциясынан Қытай өнері туындыларының көрмесі (тамыз 2022)**. Жобаға CNPC қытайлық мұнай компаниясы қолдау білдірді.
- «**Қазақстан – Қытай: мыңжылдық диалог**» сыртқы көрмесі Қазақстан президентінің резиденциясы Ақ Ордада ҚХР басшысы Си Цзиньпин сапарына орай өткен, қыркүйек 2022. ҚР Ұлттық музейі мен Мемлекеттік Орталық музейімен бірлесе ұйымдастырылған көрмеде Қытай тарихы мен өнерінің үздік үлгілерін ұсынды.
- **Korkut дыбыстық өнер және жаңа музыка биенналесі**, АТЦ-галерея ЖШС ұйымдастыруымен өткен заманауи өнердің музейлік экспозициядағы біріккен дәстүрлі өнер туындылары мен аудио-инсталляцияның эксперименттік жобасы болды, қазан 2022.
- «**Киіз – Felt – Кесеө – Войлок**» Халықаралық киіз фестивалі, ұйымдастырушы ҚР Шеберлер одағы, қараша 2022. Жоба қазақстандық және шетелдік қатысушыларды біріктіре отыра, көрмелер мен дизайнерлік коллекциялардың сән дефилесін, шеберлік сағаттарды, жәрмеңкелерді ұсынды. Жобаның мақсаты заманауи экономиканың дамуы аясында киіздің ұтымдылығын насихаттау арқылы шексіз, ерекше мүмкіндерін көрсету болып табылады.
- «**Әлем бейнесі**», музейде Гиннес рекордтар кітабына енген көрме 1 желтоқсанда ашылып, көптеген келушілердің ерекше ықыласына ие болды. Картина таныстырылымымен бірге экспозицияда Ғалия Жүнісалиеваның жеке коллекциясының туындылары қойылды.

- Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтымен біріккен «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» көрмесі.
  - «Шебер-2020/2021» Қазақстан Шеберлер одағы конкурсы жеңімпаздарының көрмесі.
  - **200** туындыны қамтыған **ҚР Суретшілер одағының жыл сайынғы жылдық есеп беру көрмесі** 2022 жылдың қараша айында ашылды. Көрме барысында ұсынылған өнер туындыларының жоғары деңгейлігі аталып өтілді.
- **Музейлік басылымдардың шығарылымы мен таныстырылымы – 3 кітап.** 2022 жылы музейлік басылымдары рекордтық санына жетті. Жыл ішінде музей қорларының 2 каталогы шығарылды: ежелгі орыс өнері мен Қытай өнерінің каталогтары, сонымен бірге «Қазақстан өнерінің 100 жауһары» кітабының тұсаукесері өткізілді.
  - **Келушілер саны 153 398 адамды құрады.** Жоспарлауға сәйкес бұған дейінгі жылдардағы келушілер санынан 120 мың адамға артық екендігін көрсетті.
    - Қаңтар – 1 158 (қаңтар оқиғасына байланысты музей 26 қаңтарда ашылды)
    - Ақпан– 10 515
    - Наурыз – 16 438
    - Сәуір – 13 150
    - Мамыр – 12 685
    - Маусым – 12 635
    - Шілде – 14 609
    - Тамыз – 12 740
    - Қыркүйек – 10 960
    - Қазан – 19 120
    - Қараша – 16 808
    - Желтоқсан – 12 580



- Музей және музейдегі оқиғаларды ақпараттық насихаттау жұмысы бойынша **1913 жарияланым.** Музейлік шаралардың БАҚ беттерінде кең таралып, музей сайты мен әлеуметтік желілер жұмыстарының үздіксіз толықтырылып насихатталуы.
  - **Көрмелер бойынша:** телеарнадан 60 сюжет көрсетілді, басылымдарда – 173 жарияланым, интернет-порталдарда – 368 жарияланым.
  - **Музей қызметі туралы** телеарнадан – 16 сюжет көрсетілді, 39 интервью берілді, басылымдарда – 16 жарияланым, интернет-порталдарда – 39 жарияланым.
  - **Жалпы нәтиже:** телеарнадан **76** сюжет көрсетілді, басылымдарда –

**208 жарияланым, интернет-порталдарда – 404 жарияланым.**

- Музей сайтына **93 жарияланым** орналастырылды.
- Музейдің әлеуметтік желілерінде **920 жарияланым** жарық көрді.

- «Әсем Әлем» және «Әсем әлем джуниор» әлемдік өнер мәдениеті туралы ақпаратты қамтитын көктемгі және күзгі дәрістер циклі аясында **37 дәріс** жүргізілді, сонымен қатар бірнеше сыртқы дәрістерді атап көрсетсек: Каспий университетінде (150 студент қамтылды, 12 мамыр), РБК банкі қызметкерлеріне Евгений Сидоркиннің шығармашылығы туралы дәріс (17 қараша), ҚР СО республикалық симпозиумы аясында «Жаңа Қазақстан» дәрісі (Қазақстан суретшілері, 8 желтоқсан).
- **645 экскурсия** жүргізілді: студенттер мен оқушыларға – 314, ересектерге – 148, қамқоршылық – 156.



- Жыл ішінде музейдің әлеуметтік желілері арқылы көрмелерді насихаттауға **24 видеоролик** түсірілді.
- **Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ дөңгелек үстелдер мен семинарлар – 21:**
  1. Венециядағы қазақстандық павильонның таныстырылымы, кураторы Меруерт Калиева, 1 ақпан.
  2. Олжаса Сүлейменовтің мерейтойына арналған кітаптың тұсаукесері (баспагер Берік Барысбеков). 24 ақпан
  3. Алғыс айту күніне орай онлайн-конференция. 1 наурыз
  4. Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д, профессор Косиченко Анатолий Григорьевичтің қатысуымен «Қазіргі Қазақстандағы діннің рөлі» атты семинар. 11 наурыз
  5. Мүмкіндігі шектеулі жандар мен мамандардың қатысуымен «Музейдің қолжетімді ортасын және барлық адамдардың мәдени өмірге тең қатысуын қамтамасыз ету» дөңгелек үстелі. 20 сәуір

6. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне дөңгелек үстел. Елена Борисовна Вандровская туралы ерекше назар аударма музейдің өнертанушыларының қызметі жайлы дискуссия. 29 сәуір 2022
7. «Халықаралық отбасы күніне» арналған дөңгелек үстел. Спикерлер: Амраева Шадмира Инипахуновна- педагог-зерттеуші, музыка және өзін-өзі тану мұғалімі. Тақырыбы: «Педагогикалық үдерістегі өнер мен отбасының рөлі». Н.А. Баженова «Рерихтердің мәдениет және тұлғаның қалыптасуы мен отбасылық құндылықтардағы өнердің рөлі туралы» атты мақаласын ұсынды. 15 мамыр
8. Art of Her семинары
9. Референдумның маңыздылығы туралы түсіндіру тобы – саяси ғылымдардың докторы Ақан Құсайынұлы Бижанов пен ардагерлер кеңесінің төрағасы Әсем Сүлейменқызы Бесбаевамен кездесу, 23 мамыр.
10. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай өнертану кандидаты А.Ж.Джадайбаевтың «Тұтқындағы өнер. 1940 - 1950 жж Қазақстанға күштеп жер аударылған суретшілердің шығармашылығы» жалпыға қолжетімді дәрісі мен пікірлесу. 29 мамыр
11. Александр мен Галина Садвакасовтардың «Бір демде» көрмесі аясында «Қазақстан дизайны. Проблемалары мен дамуы» атты дөңгелек үстел. 26 мамыр
12. Дины Досполованың «Қазақстан суретшісі сөйлейді» атты кітабының тұсаукесері. 27 мамыр
13. Мәдени форум аясындағы «Жаңа мүмкіндіктерге қазақстандық қоғамды шоғырландыру жолындағы шығармашыл зиялылардың рөлі» дөңгелек үстелі. 27 мамыр 2022
14. Музей қорынан ежелгі орыс өнерінің каталогының тұсаукесері, пресс-конференция және көрменің ашылуы. 12 шілде
15. Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Қытай өнері каталогының тұсаукесері. 25 тамыз
16. Өнер туындылары құндылығын бағалау негіздері бойынша дөңгелек үстел, ұйымдастырушы Бағалау палатасы мен БОН-АРТ аукцион үйі, 21 қыркүйек
17. И. Иткиндтің шығармашылығына арналған «Жұмаққа барар жолда» фильмі көрсетілімі мен дөңгелек үстел, реж. Гонопольский, 28 қыркүйек
18. Музей қызметкерлеріне терроризмнің алдын-алу және әрекет ету ережелері бойынша семинар, 18 қараша
19. В. Тропинин шығармашылығы туралы Халықаралық жоба: дөңгелек үстел, дәріс, шеберлік сағаттары – «Россотрудничествомен» бірлесе, 11 желтоқсан
20. Тұран университеті ТҒА жоғары мектебінен кәсіби фото және видео құру шеберлік сағаты мен семинар, 8 желтоқсан



21. Бірінші халықаралық «Диагамма» фотобиенналесінің жартығасырлық тарихына арналған «Қазақстандық фотоөнер аңыздары» атты лекция-сұхбат, өнертану профессоры В.Д Коренчук, 17 желтоқсан
22. Қазақстан өңірлерінен балалардың қатысуымен Балалар жылына арналған «Сән балалардың бақыты үшін» – сән дефилесі мен пікірлесу, 18 желтоқсан

- **Конференциялар мен форумдар:**

- **Жыл сайынғы «Қастеев оқулары - 2022»** ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2022 ж 20 қазанда өтті. Конференция тақырыбы «Жаңа Қазақстан музейі: Зерттеулер, тәжірибелер, перспективалар». Конференция нәтижесінде қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің 30 мақаласы енген жинақ жарық көрді.
- Е.Б. Вандровскаяның 100 жылдығына арналған **«Қазақстандық өнертану мектебінің тарихи-теоретикалық мәселелері»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2022 ж 21 қазанда өтті. Конференцияға қазақстандық жетекші өнертану мамандары мен Санкт-Петербургтен өнертану докторы Е.П Яковлева қатысты. Конференция жұмысы нәтижесінде жинақ шығару жоспарланды.

- **«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы:**

- **Бірыңғай Мемлекеттік Реестрге – 2 544 бірл. және Мемлекеттік каталогқа – 502 (қаз., орыс.)**
- Келушілер музейдің тұрақты экспозициясында қолжетімді ақпараттық киосктерден мүсін және сәндік-қолданбалы өнердің 2000 экспонатты қамтитын 3D каталогы мәліметтер базасымен толыққанды таныса алады <https://3d.gmirk.kz/index.php/ru/>
- Музей коллекциясын бірыңғай электронды каталогқа толтыру жұмысы бойынша ААЖ (АИС) жүйесіне – **270 карточка** енгізілді.
- Музей қорларын цифрландыру – **689 сақтам бірлік фотосуретке** түсірілді.

- **Ынтымақтастық туралы 5 Меморандум келісілді:**

1. Өзбекстан сәндік-қолданбалы өнер музейі, Ташкент, желтоқсан 2022
2. «Тұран» университеті, 6 маусым 2022
3. «Танбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы, 17 мамыр 2022
4. ЖК «Мусатаев Алихан» (медиа-агентство), 14 шілде 2022
5. «Cultural Dialogue» ҚҚ, 12 қазан 2022

- **126 эксперттік** сараптама қорытындылары дайындалды, 140 туынды зерттеу жұмыстарына қабылданды, кері қайтарылғаны – 14 туынды. Бұл



жұмыс Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ жанындағы сараптама комиссиясының жұмысы аясында жүзеге асырылады және комиссия құрамына музейдің жетекші мамандары мен тәуелсіз сарапшылар енген.

- **Ғылыми жарияланым – 46**, халықаралықты қоса алғанда (Үндістан, РФ, Украина). Музей қызметкерлерінің ғылыми мақалалары жыл сайынғы «Қастеев оқулары - 2022» ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында жарияланды.

- **Музейдің әлеуметтік және қайырымдылық жобалары:**

– Көру қабілеті нашар және зағип жандарға арналған тұрақты экспозициядағы көркемсурет және қолданбалы өнер туындыларының тактильді экспонаттары.

– **Италия суретшісі Алессандро Шараффаның «Симфония» көрмесі** (24 маусым - 22 шілде) – солтүстік жарықтарын түрлендіретін дыбыстық және визуалды инсталляциясы. Көрме аясында инсталляциямен интерактивті байланыс орнату мақсатында Зағиптар қоғамы мүшелерінің жоспарлы қатысымы ұйымдастырылды.



– DARA қорының 15 жылдығына орай **«Бірге өсеміз» жобасы** барысында, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ауқымды көрме-инсталляциялар мен шеберлік сағаттар сериялары ұсынылды (10-26 қазан).

- **Адам капиталын арттыру.** Гете институтының қолдауымен музейде халықаралық сарапшы Гангольф Ульбрихттің (Германия) қатысуымен қағаз дайындау бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар өткізілді, қараша. Жыл ішінде ЮНЕСКО кластер бюросының онлайн-вебинарлары сериясына қатысу.

#### **Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ 2022 жылғы жалпы жоспарлы көрсеткіші**

- экскурсия, дәріс жүргізу – 500 – шынында **645 (экскурсия) + 37 (дәріс), асыра орындалды**
- келушілермен қамамасыз ету – 100 000 адам – шынында **153 398 адам, асыра орындалды**
- көрме өткізу – 50 – шынында **60, асыра орындалды**

Қазақстанда 2022 жыл - Балалар жылы болып жариялануына орай музейде балалар мен жасөспірімдер аудиториясына бағытталған қызметтерді

жандандырылды: білім беру бағдарламалары, шеберлік сағаттар, тақырыптық көрмелер т.б. Балаларға арналған барлық бағдарламаларды Музей педагогикасы мен жоба қызметі бөлімі ұйымдастырып, музей жанындағы шығармашылық арт-лаборатория көркемсурет студиясының жұмысы аясында жүзеге асырылды. Бөлім жетекшісі Г.К.Жуваниязова.

## **БАЛАЛАР ЖЫЛЫ – 2022 ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІ**

### **ЭКСКУРСИЯЛАР**

**Музей бойынша тақырыптық экскурсиялар (қаз., орыс.) – 406**

Қамтылуы – 9 065 бала

Экскурсиясыз балалардың келуі – 4 000 адамнан артық.

Мектеп каникулы күндері балалардың музейге тегін қатысымы – 2022 ж қаңтар-желтоқсан 15 000 адамнан жоғары.

### **ДӘРІСТЕР**

**«Әсем Әлем Джуниор» білім беру бағдарламасы – 11**

(әлемдік өнер мәдениеті мен Қазақстан өнері бойынша дәрістер, жас ерекшеліктері ескерілуімен)

Қамтылуы – 218 бала

Ғали Мырзашевтың қазақстандық мультипликация туралы дәрісі – 18 мамыр  
Қазақ Елі, Қажымұқан, Мұзбалақ, Қадырдың бақыты, Ер Төстік, Күлтегін,  
Жерұйық мультфильмдерінің көрсетілімі – маусым-тамыз айларында мектеп каникулы кезінде көрсетілді

### **ПЛЕНЕРЛЕР**

**Наурыз мейрамына арналған «Ұлыстың рухы» пленері, 22-23 наурыз**

**Балаларға арналған «Табиғатты саламыз» пленерлік сабақтар – 3**

«Сиқырлы шам» мектеп каникулы күндері балалар бағдарламасы аясында

**Алматы қаласы күніне орай «Сүйікті қала балалардың көзімен» тақырыптық пленер, 18 қыркүйек**

**Балалар шығармашылығының көрмесі**

1. «Қазақстан глазами детей» Қазақстан Республикасы күніне орай, 21-28 қазан 2022
2. «Танбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығымен бірлескен «Дала белгілері» пленері қорытындысы бойынша көрме  
**ҚР МСМ бастамасымен «Ұлағатты ұрпақ» білім беру жобасы**
  1. Сәндік-қолданбалы өнер және көркемсурет түрлерінің онлайн шеберлік сағаты, ақпан  
Қазақ ұлттық «Құрақ», ақпан
  2. Сәндік-қолданбалы өнер және көркемсурет түрлерінің онлайн шеберлік сағаты,  
«Өрнек» кескіндеме техникасы, ақпан

**Наурыз – музейдегі «Ұлыстың рухы» мерекелік бағдарламасы, 22-23 наурыз**

1. Сәндік-қолданбалы өнер және көркемсурет түрлері бойынша 6 шеберлік сағаты:  
– Қыш жасау

- Мүсіндеу
- Кескіндеме
- Киіз басу
- Тұмар өру
- 2. Мерекелік концерттік бағдарламасы
- 3. Наурыз мерекесі аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивті ойындар, 22-23 наурыз
  - Treasure hunting – Қазыналарға аңшылық жасау
  - Жеке көрмелерді қалыптастыру

#### **Музей түні мерекелік бағдарламасы, 18 мамыр 2022**

- Пленэр
- «Танбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығымен бірлескен «Дала белгілері» пленері қорытындысы бойынша көрме
- Ә. Қастеев атындағы музей Арт-зертханасы көркемсурет студиясының оқушыларына арналған экскурсия
- Сәндік-қолданбалы өнер және көркемсурет өнері шығармашылық шеберлік сағаттары, анимациялар, каллиграфиялар
- «Қазыналарға аңшылық жасау» және «Суретшіге хат» интерактивті ойындары
- К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка мектебінің музыка мектебінің балалары, Алматыдағы үнді классикалық биі мен йога орталығы, Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА актерлік шеберлік факультеті студенттерінің қатысуымен концерттік бағдарлама

## Ә.ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МӨМ 2022 ЖЫЛҒЫ МУЗЕЙ БӨЛІМДЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

### МУЗЕЙДІҢ ҚОР және РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қор жұмысына қатаң есеп жүргізу, температура-ылғалдылық режимін сақтай отырып, жиналған мәдени құндылықтарды сақтаудың дұрыс шарттары, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, туындыларды консервациялау және реставрациялау кіреді.

**2022 жылдың 25 желтоқсанына музей қорындағы туындылардың жалпы саны 25 909 сақтам бірлікті құрады, оның ішінде: негізгі қор – 24 602, КМК – 1307 сақтам бірлік.**

Музейдің ең басты міндеттерінің бірі – қор жинақтау жұмысы мен музей қорларын қалыптастыру болып саналады. **2022 жылы қор жаңа 130 түсімдермен толықты, оның ішінде:**

- 9 сақтам бірлік сыйға берілгені
- 1 туынды КТҮ-ден сыйға берілгені
- 106 сақтам бірлік музей музей кітапханасынан (КВМ)
- 14 сақтам бірлік «Social Development Center» ҚҚ-дан (КВМ)
- ҚСК мүшелерінің шешімі бойынша:
  - Негізгі қорда тұрақты сақтауға 10 сақт.бірл.
  - Қазақстан кескіндемесі - 1 сақт.бірл.
  - Шетелдік кескіндеме 6 сақт.бірл.
  - Ежелгі орыс өнері 1 сақт.бірл.
  - Кеңестік және шетелдік графика - 2 сақт.бірл.
  - Қосымша қордың КМК-ға -120 сақт.бірл.
  - Қазақстан кескіндемесі 14 сақт.бірл.
  - Қазақстан графикасы - 106 сақт.бірл..

#### Қордағы бөлімдер бойынша жалпы саны:

№	Бөлім	Негізгі қор	КВМ	УС	Тұрақты экспозиция
1	Қазақстан кескіндемесі	Инв-3452 сақ.бірл ТЖ-307 сақ.бірл	135 сақ.бірл	30 сақ.бірл	198 сақ.бірл
2	Қазақстан графикасы	Инв-6592 сақ.бірл КП-1443 сақ.бірл	1055 сақ.бірл	32 сақ.бірл	43 сақ.бірл
3	Шетелдік кескіндеме	Инв-1415 КП-3	26 сақ.бірл.	1 сақ.бірл	249 сақ.бірл
4	Ежелгі орыс өнері	Инв-162		1 сақ.бірл	3 сақ.бірл
5	Кеңестік және шетелдік графика	Инв -4312 сақ.бір КП-232 сақ.бірл	63 сақ.бір	414 сақ.бірл	
6	Тоқымашылық	Инв-896 сақ.бірл КП-1 сақ.бірл	1 сақ.бірл	15 сақ.бірл	78 сақ.бірл
7	Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері	Инв-554 сақ.бірл КП-17 сақ.бірл	7 сақ.бірл	63 сақ.б	32 сақ.бірл
8	Киіз	Инв-304 сақ.бірл.	1 сақ.бірл	16	21

		КП - 8 сақ.бірл		сақ.бірл.	
<b>9</b>	<b>Мүсін</b>	Инв-638 сақ.бірл КП - 66 сақ.бірл	7 сақ.бірл	16 сақ.б	112
	<b>Ежелгі Қазақстан өнері</b>	Инв-49 сақ.бірл		45 сақ.бірл	
<b>10</b>	<b>Зергерлік өнер</b>	Инв-2149 сақ.бір. КП - 8 сақ.бірл	7 сақ.бірл	20 сақ.б	171 сақ.бірл
<b>11</b>	<b>Тері бұйымдары</b>	Инв-332 сақ.бірл КП - 16 сақ.бірл	2 сақ.бірл	5 сақ.б	72 сақ.бірл
<b>12</b>	<b>Шығыс қоры</b>	Инв-1645 сақ.бірл КП - 1 сақ.бірл	3 сақ.бірл	16 сақ.б.	43 сақ.бірл
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>24 602</b>	<b>1307</b>	<b>674</b>	<b>1022</b>

### Музейлік заттарды тіркеу.

Музей қабылдаған барлық музей заттары міндетті түрде есепке алынып, арнайы есепке алу кітаптарында тіркелуі тиіс. Бөлім қызметкерлері тұрақты түсім актілеріндегі барлық мәліметтерді толық каталогтық мәліметтері бар есеп кітаптарына енгізеді, әр экспонатқа тиісті нөмірі беріледі. Барлық жаңадан түскен туындыларға жұмысқа, авторлық және жалпы картотекаларға арналған карточкалар жасалды, экспонаттарға таңбалау жүргізілді. Жылдың есептік кезеңінде есеп кітаптарына 720 сақтам бірлік енгізілді (Оразова, Абирова, Горовых, Елеуова): тұрақты түсімдер кітабы, ғылыми-қосымша қор түсімдер кітабы, өнер түрлері бойынша инвентарлық кітабы.

### Басқа музейлер мен ұйымдарға уақытша сақтауға туындыларды беру.

Туындыларға алдын-ала іріктеу жүргізіліп, қаралды, бұйрық шығару үшін жұмыстардың тізімі жасалды, туындылардың сақталуының толық сипаттамасы жазылып, сақтандыру құны, таза салмағы көрсетілген беру актілері жасалды, туындылар суретке түсірілді, буып-түю жүргізілді, жүкті жөнелтуге арнайы жөнелту құжаты жасалды.

№	Көрме атауы, авторлардың ТАӘ	Ұйымның атауы, елі	Мерзімі	Берілген жұмыстардың саны	Қайтарылғандар саны
<b>1</b>	«Қазақстан-Қытай: мыңжылдық диалог»	Ақ Орда. (Астана)	Қыркүйек	18 – қолданбалы өнер 8-шетел графикасы Барлығы: 26 (жиырма алты) музейлік заттар	18 – қолданбалы өнер 8-шетел графикасы Барлығы: 26 (жиырма алты) музейлік заттар
<b>2</b>	Е. Сидоркин көрмесі	«Банк «Bank RBK» АҚ Алматы қ	Қараша	30-Қазақстан графикасы	30-Қазақстан графикасы

	<b>Барлығы</b>		<b>56</b>	<b>56</b>
--	----------------	--	-----------	-----------

### Инвентарлық сипаттамаға туындыларды беру

№	Ғылыми қызметкерлердің ТАӘ, Бөлімдер	Сипаттамаға берілді	Инв.карточка тапсырылуы
1	Мырзабекова С(Қазақстан графикасы)	17	17
	(Қазақстан мүсіндемесі)	3	3
	Мукажанова Г. (Қазақстан графикасы)	19	19
	(Қазақстан мүсіндемесі)	1	1
	Омарова Е. (Қазақстан графикасы)	13	13
	Мамытова С. (Қазақстан графикасы)	7	7
	(Қазақстан мүсіндемесі)	3	3
	Джадайбаев А.( Қазақстан графикасы)	10	10
	Абилдаева Л . (Қазақстан графикасы)	14	14
	(Қазақстан кескіндемесі)	6	6
	Али Г. (Қазақстан графикасы)	20	20
	Баженова Н. (Қазақстан графикасы)	6	6
	Айдарова М (Қазақстан мүсіндемесі)	2	2
2	Сырлыбаева Г.Н. (Шетел графикасы)	20	20
	(Шетел графикасы)	1	1
	Вологодская В. (Шетел графикасы)	33	33
	(Шетел графикасы)	2	2
	Айдарбек А. (Шетел графикасы)	17	17
	(Шетел графикасы)	1	1
Копелиович М. М.( Шетел графикасы)	9	9	
	<b>Барлығы</b>	<b>204</b>	<b>204</b>

Музейдің тіркеу секторында түсімдер кітабына инвентарлық нөмірлерді енгізу, туындыларды таңбалау, картотекамен жұмыс (жұмыс және авторлық картотекаларға инвентарлық нөмір енгізу), тұрақты сақтау актілеріне де енгізу.

### Қордағыларды қабылдау-табыстау және салыстыру жұмысы (инвентаризация):

Қордағы заттардың бар-жоғын тексеру және қабылдап, табыстау бойынша Түсімдер кітабы, Инвентарлық кітаптарында, актілер мен басқа да есепке алу құжаттарындағы жазбаларымен салыстыру жұмысы атқарылды. Түгендеуден өткен барлық музей заттарының тізбесімен акт (коллекциялық салыстыру тізімдемесі) жасалды. **2022 жылы 4 қор бойынша 11 522 музейлік затты қамтыған түгендеу жұмысы жүргізілді.** Түгендеу жұмысы маусым және желтоқсан айларын қамтыды, соның ішінде: зергерлік өнер қоры (466 сақт.бірл); шетелдік кескіндеме және ежелгі орыс өнері қоры (1 605 сақт.бірл); графика қоры (9122 сақт.бірл); Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері қоры – киіз (329 сақт.бірл).



**2022 жылы ҚР Ұлттық музейіне Мемлекеттік каталог және Мемлекеттік реестрге ұсынылған мәліметтер:**

№	Атауы	Жоспар бойынша	Атқарылды
1	Мем. каталог	2 000 сақт.бірлік қазақ, орыс тілдерінде	2544 сақт.бірлік қазақ, орыс тілдерінде
2	Мем. реестр	500 сақт.бірлік қазақ, орыс тілдерінде	502 сақт.бірлік қазақ, орыс тілдерінде

**ҚР электрондық Мемлекеттік каталогымен жұмыс:**

Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогын жүргізудің әзірленген және бекітілген қағидалары бойынша қор бөлімінің қызметкерлері музей коллекциясының барлық бөлімдері бойынша дерекқормен жұмыс атқарады.

№	Бөлімдер	Жұмыс түрі. Саны	Орындаушы
1	Қазақстан графикасы түпнұсқа.	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды (В-Д) 473 орыс тілі.	Абирова Б.А.
2	Қазақстан графикасы (С. Калмыков).	Деректерді енгізу жұмысы аяқталды 623 сақтам бірлік .	Молдашева Г.Б.
3	Қазақстан графикасы (баспа).	Деректер енгізілді 498 сақтам бірлік (фотосыз)	Школьная И.
	Батысеуропалық түпнұсқа және баспа графикасы	Деректерді енгізу және атрибуциялау жұмыстары жүргізілуде	Школьная И.
3	Шетел өнерінің баспа графикасы	Деректерді енгізу жұмысы жүргізілуде -183 сақтам бірлік.	Горовых О.
	Қазақстан кескіндемесі	Жаңа түсімдер деректерін енгізу жұмыстары жүргізілуде - 6 сақт.бірл.	Елеуова А.
4	Шығыс сәндік-қолданбалы өнері	«Ежелгі шығыс» деректерін енгізу жұмысы аяқталды - 156 сақтам бірлік	Алькина А.К.
5	<b>Барлығы</b>	<b>1939 сақт.бірлік орыс тілінде</b>	
	Қазақ тіліне аударылды (мем.каталог):	1625 сақт.бірлік, соның ішінде: 473 сақт.бірл. қазақ тілінде (В-Д) 623. сақт.бірл. қазақ тілінде (Калмыков С.) 529 сақт.бірлік	Абирова Б.А.  К. Кышкашева



## ҚР Мемлекеттік реестрі бойынша жұмыс

№	Бөлімдер	Жұмыс түрі. Саны	Орындаушы
1	Ежелгі Шығыс Орыс қолданбалы өнері Шетел қолданбалы өнері Заманауи қолданбалы өнер	156 сақтам бірлік 28 сақтам бірлік 45 сақтам бірлік 204 сақтам бірлік	Алькина А.К.
2	Қазақстан графикасы (С. Калмыков)	403 сақтам бірлік	Абирова Б.А.
	<b>Барлығы</b>	836 сақтам бірлік <b>орыс тілінде</b>	
	Мем.реестр бойынша қазақ тіліне аударылды	403 сақтам бірлік (Калмыков)	Абирова Б.А.

Тізімге автор туралы толық деректер, туындының атауы, жасалған күні, техникасы, өлшемі, музей затының инвентарлық сипаттамасы, сақталу сипаттамасы, түсу көзі мен жылы, туындының құны мен фотосуреті енгізілді. Есепке алу секторында мұрағаттық құжаттармен жұмыс. Интернеттен суретшілер туралы деректерді іздеу.

### Музейшілік қозғалыстар: туындыларды акт бойынша беру (экспозицияға, реставрацияға, суретке түсіруге)

**Жыл ішінде залдарға 937 сақтам бірлік туындылар (кескіндеме, графика, мүсін және сәндік-қолданбалы өнер) 28 көрмеге (уақытша және тұрақты) берілді. Қорға 648 сақтам бірлік қайтарылды.**

Туындыларды көрмеге шығарар алдында келесі жұмыстар атқарылды: туындылар іріктеліп, сақталу жағдайы тексерілді. Қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырылып, топографиялық кітапқа сәйкесінше жазбалар енгізілді. Туындылар жақтауларға ілінді. Карточкаға сәйкес әр экспонаттың сипаттамасы мен сақталуы туралы толықтай жазылып, музейшілік берім актілері жасалды.

Қайтарғанда: туындыларды карточкадағы жазбаға сәйкестілігі, актілердегі сақталу сипаттасына сәйкестігі тексерілді, қорға қайтару актілері жасалып, топография тізіміне сәйкес орындарына қойылды.

№	Көрме атауы	Берілді	Қайтарылды
1.	Көрме «Жеңіс. Жұлдызды сәт» Т. Бегелдиновтың 100 жылдығына орай	24-Қаз.кескіндемесі 10-шетел кескіндемесі 14-Қаз.графикасы 4-шетел графикасы 10- мүсін	24-Қаз.кескіндемесі 10-шетел кескіндемесі 14-Қаз.графикасы 4-шетел графикасы 10- мүсін
2.	Халықаралық балалар күніне орай «Алтын-бесік» «Волшебный мир детства» көрмесі	15 – Қаз.графикасы 9-шетел графикасы 36–Қаз.кескіндемесі 18-шетел кескіндемесі	15 – Қаз.графикасы 9-шетел графикасы 36–Қаз.кескіндемесі 18-шетел кескіндемесі

		8-мүсін	8-мүсін
3.	«Уақыт келбеті» «Лики времени» П. Зальцман жеке көрмесі.	54-Қаз.графикасы 4- Қаз.кескіндемесі 2-шетел графикасы	54-Қаз.графикасы 4- Қаз.кескіндемесі 2-шетел графикасы
4.	Батысеуропалық өнер залы және № 4 галереядағы тұрақты көрме	67 – шетел кескіндемесі 17-мүсін	Экспозицияда Экспозицияда
5.	" 1950 ж .РФ өнері"	39-кескіндеме 7-мүсін	39-кескіндеме 7-мүсін
6.	Садвакасовтың мерейтойлық көрмесі. Айналма галереясы	1–Қаз.кескіндемесі (триптих)	1–Қаз.кескіндемесі (триптих)
7.	Рекреации залындағы Қазақстанның қазіргі заман сәндік-қолданбалы өнері (тұрақты экспозиция)	51- зергерлік бұйымдар 4-мүсін	Экспозицияда Экспозицияда
8.	"Қазақстан 1." Тұрақты экспозиция		61- Қаз.кескіндемесі
9.	Қазақстандағы неміс суретшілерінің көрмесі. Галерея №3	26 – Қаз.кескіндемесі 3 -мүсін	Экспозицияда Экспозицияда
10	С.И Калмыков көрмесі. Галерея №2 – суретшінің туған күніне орай.	24 Қазақстан кескіндемесі	24 Қазақстан кескіндемесі
11	С. Калмыков көрмесі (Галерея № 2) тұрақты экспозиция		51 - Қазақстан кескіндемесі
12	«Казахстан №1» залы тұрақты экспозиции		61 - Қазақстан кескіндемесі
13	В.А. Эйферт көрмесі. Галерея № 2 тұрақты экспозиция		28 - Қазақстан кескіндемесі
14	Қазақстанның қазіргі заман сәндік-қолданбалы өнері. Тұрақты экспозиция	110 –сәндік-қолданбалы өнер	Экспозицияда
15	«Қытай өнері» көрмесі, «Шығыс» залы.	36- шетел графикасы 33 сәндік-қолданбалы өнері	Экспозицияда Экспозицияда
16	«Дюрерден Эйфертке дейін», айналма галерея.	22- шетел графикасы 3-Қаз.графикасы 15- шетел кескіндемесі	Экспозицияда Экспозицияда Экспозицияда
17	Рекреация залындағы шетел графикасы, тұрақты экспозицияда.		8-шетел графикасы
18	Шетел өнері залы. Шығыс (тұрақты экспозиция)	10 сәндік-қолданбалы өнері	Экспозицияда
19	Орыс өнері. Тұрақты экспозиция		1-шетел кескіндемесі
20	2э қабат, 2 галерея."И. Иткин» көрмесі. Тұрақты экспозиция	5 - мүсін	Экспозицияда
21	"Қазақстан 1." Залы. Тұрақты экспозиция		3-мүсін
22	«Музей бәріне» көрмесі. Әлеуметтік жоба		1 -мүсін
23	"Қазіргі заман Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері" (тұрақты	6 –киіз	4-киіз 2- экспозицияда

	экспозиция)		
24	Музей фойесі		1 -мүсін
25	«ХҮІ-ХІХ ғғ Батысеуропа өнері» залы және Галерея № 4, тұрақты экспозиция	96-шетел кескіндемесі	29- қайтарым шетел кескіндемесі 67- экспозицияда
26	Ежелгі орыс өнерінің көрмесі (Икондар). Шығыс залы	52-шетел кескіндемесі	52-шетел кескіндемесі
27	«Қазақстан өнерінің 100 жауһары» көрмесі	64- кескіндеме 18 - графика 18-мүсін	Экспозицияда Экспозицияда Экспозицияда
28	И. Стадничуктің мерейтойлық көрмесі	2- Қазақстан кескіндемесі	Экспозицияда
29	<b>Барлығы</b>	<b>937</b>	<b>648</b>

### ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

**141 туындыға реставрация жүргізілді:** 50 кескіндеме (17 күрделі), 54 графика (4 күрделі), мүсін – 6 (6 тазалау, 1 реставрация), зергерлік әшекейлер мен тері – 20 күрделі реставрация, тоқыма – 3, икона - 4. Тазалау - 270 зергерлік бұйымдар

№	Реставрацияға берілді	Берілгені	Қайтарылғаны
1	<b>Кескіндеме:</b> К.К. Смагулова	<b>Қордан</b> Қазақстан - 2 Шетелдік - 4 Икона - 6 <b>Экспозициядан</b> шетелдік -4 <b>Келісім бойынша -1</b> (барлығы күрделі)	2 4 6 4 1
	Токтагазина А К.Смағұлованың шәкірті	<b>Қордан</b> Қазақстан - 19 <b>ӨБҮ-2</b>	16 (3 в процессе) 2
2	О. Степенко (2022 г. қазанда жұмыстан шығып кеткен)	10 1 – келісім бойынша	10 1
3	Г.А.Калдыбаева	1	1
5	<b>Графика:</b> Г.А.Калдыбаева	24 (соның ішінде 2 күрделі реставрация)	24 10 (2021 ж бастап)
6	Г.С.Кожамжарова	30 (из них 2 сложной реставрация)	30 11 (2021 ж бастап)
7	<b>Мүсін:</b> А. Оспанов.(0,5 ставка)	6	6
8	<b>Зергерлік әшекейлер мен тері:</b> М.Касымбеков  <b>Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері :</b>	20 - күрделі реставрация  120 - Рекреация залындағы көрмеге арналған зергерлік әшекейлерді тазалау  150-Қолданбалы өнер залындағы зергерлік әшекейлерді тазалау	20  120 -  150

	Касымбеков М.А.	4 - реставрация	4
9	<b>Тоқыма:</b> Момбекова А.С.	3	2 1 (жұмыс барысында)
10	<b>Икондар</b> Мәскеу қ. реставраторлары	4	4
11	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>Реставрация: 141</b> (соның ішінде 2 келісім бойынша; 4- Мәскеу қ. реставраторлары) <b>Тазалау: 270</b>	<b>158</b> (соның ішінде 2 келісім; 4- Мәскеу қ. реставраторлары) <b>6</b> (жұмыс барысында) <b>Тазалау: 270</b>

### ЭКСПОНАТТАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

**Фотосуретке түсіруге 689 сақтам бірлік берілді:** қазақстандық және шетелдік графика мен Шығыс сәндік-қолданбалы өнері, музей фотографы Игорь Кочетков.

Фототүсірілімге туындыларды таңдау-іріктеу жұмысы жүргізілді, кейін топографиялық тізімге сәйкес орындарына қайта қойылды. Фотосуреттердің файл нөмірі мен заттың инвентарлы нөмірлері журналға тіркеліп, сандық дереккер тізіміне инвентарлы нөмірлері мен мәліметтері енгізілді.

№	Өнер түрі	Фотограф ТАӘ	Берілгені мен қайтарылғаны
1	Қазақстан графикасы	К.Р.Князевич И.,Кочетков	150 103
2	Шетел графикасы	И.,Кочетков К.Р.Князевич	82 10
3	Шетел кескіндемесі	К.Р.Князевич	1
3	Шығыс қоры сәндік-қолданбалы өнері Ежелгі шығыс Зергерлік әшекейлер	И.,Кочетков К.Р.Князевич	152 14
	Икондар	С.А Есентаев	161
	Икондарды қайта түсіру	С.А Есентаев	14
	Мамбеев, Исмаилованың жұмыстары	«Кешкі Алматы»	2
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>К.Р.Князевич-175</b> <b>И.,Кочетков -337</b> <b>С.А Есентаев -175</b>	<b>689</b>

### Музей кенесіне қатысу

№	Атауы	Орындаушы	Уақыты
1	Музейдің қор сатып алу комиссиясы жұмысына қатысу	Г.Б.Молдашева И.А.Школьная Б.А.Абиров	Жыл ішінде
2	Реставрация отырысы мен әдістемелік және	Г.Б Молдашева	Жыл

	ғылыми кеңестерге қатысу	И.А.Школьная Б.А.Абирова	ішінде
3	ҚР Мемлекеттік реестріне музей қорынан туындыларды қабылдау Zoom-конференциясына қатысу	Г. Б.Молдашева	Желтоқсан



**Ғылыми конференция, семинарлар мен онлайн теле-таныстырылымдарға қатысу**

№	Атауы	Қатысушылар	Мерзімі
1	«Жаңа Қазақстан музейі» ғылыми конференциясы жинағына ұсынылып жарық көрген «Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ қорларынан батысеуропалық графика туындыларын атрибуциялау мәселесі» атты мақала. Конференцияға баяндама және презентациямен қатыстырылды.	И.Школьная	Қазан
2	Жыл сайынғы «Қастеев оқулары - 2022» ғылыми конференциясына «Ә.Қастеев ат. ҚР МӨМ коллекциясындағы мүсінші С.Т. Коненковтың (1874-1971) өнер мұрасы» баяндамасы қатыстырылды	О.Горовых	Қазан
3	ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Ата заң тарихы» онлайн баяндамасы	Б.Абирова	Қазан

**Сақтау бөлімі қызметкерлерінің ғылыми жұмысы**

№	Атауы	Қатысушыла	Мерзімі
---	-------	------------	---------

		<b>р</b>	
<b>1</b>	«Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ жинағының ежелгі орыс өнері» каталогын өңдеу және түзету. Мәтіннің 165 беті мен суреттердің атауы өңделді. Каталог шығарылды.	И.Школьная	1 жартыжылдық
<b>2</b>	Атрибуция мен мәліметтерді анықтау: Батысеуропалық графика қоры бойынша мәліметтер анықталды, атрибуцияланды, толықтырылды (авторы, жасалу күні, атауы, техникасы және т.б) Батысеуропалық графика туындыларын атрибуциялау жұмыстары жалғасуда.	И.Школьная	Жыл ішінде
<b>3</b>	Редактирование и корректировка каталога «Искусство Японии 17-20 веков из собрания ГМИ РК им. А.Кастеева». 250 страниц текста (Первая редакция). Каталог готовится к изданию.	Школьная И.	2 жартыжылдық
<b>4</b>	«Қазақстан көркемсурет өнерінің 100 жауһары» альбомын өңдеу және түзету. Мәтіннің 215 беті өңделді. Альбом баспаға дайындалу үстінде.	Г.Т.Оразова	Қараша

### Ғылыми қызметкерлермен жұмыс

<b>№</b>	<b>Жұмыс түрі</b>	<b>Қызметкерлер</b>	<b>Мерзімі</b>
1	«Ежелгі орыс өнері», «Қытай өнері» көрмелеріне туындыларды және каталогтарын баспаға дайындау, экспонаттарды зерттеу мен фотосуретке түсіру жұмыстары	Г.Сырлыбаева М.Копелиович А.Алькина О Горовых А.Елеуова	Жыл ішінде
2	«Қазіргі замандағы Қазақстан сәндік-қолданбалы өнер» экспозициясы жұмысы үшін тоқыма қорынан 90 экспонат қаралды. Сәндік-қолданбалы өнер экспозициясы жұмысы үшін тоқыма қорынан 15 экспонат қаралды.	Н.Б Ажарова О Горовых А.Каратаев	Қантар-маусым
3	Халықаралық (Өзбекстан) жоба үшін графика туындыларын іріктеу және альбом шығару	Г.Сырлыбаева Б.Абировна	2 жартыжылдық
4	Архив деректерімен жұмыс: ғылыми бөлімдерге альбомдармен, каталогтармен, мақала және хабарламалармен (туындылар, авторлар, есепке алу секторындағы архивтік құжаттар бойынша түсу көздері туралы мәліметтерді нақтылау) жұмыс істеуге көмек беру	И.Школьная	Жыл ішінде
5	Музейдің Сараптама Кеңесіне салыстырмалы талдау жасауға Қазақстан суретшілерінің кескіндемелік және графикалық туындыларын іріктеу. Жалпы саны - 65 экспонат (40-кескіндеме; 25-графика)	Б.Абировна А.Елеуова Сараптама комиссиясы	Жыл ішінде

### Бөлімнің картотекамен жұмысы

1. Жұмыс, негізгі, авторлық картотекаларды жаңарту, толықтыру – 2500 карточка.
2. Түсімдер кітабы мен инвентарлық кітаптардың мұқабасын ауыстыру, түптеу мен беттерін ішінара реставрациялау
3. Жалпы жаңартылғаны - 48 кітап. (Г.Т.Оразова)

### Тағылымдамалар мен Кеңес беру

Жыл сайын Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-де облыстық музейлер мен басқа да мекемелердің қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады.

№	Мекеме	Келу мақсаты	Уақыты	Жауаптылар
1	Қазіргі заманғы өнер музейінің қызметкері «Almaty Museum of arts». 1 адам  Қазіргі заманғы өнер музейінің қызметкерлері «Almaty Museum of arts». 6 адам	«Өнер музейлеріндегі музейлік заттарды есепке алу мен сақтау ерекшеліктері» атты тағылымдама Қор сақтау қоймалары мен реставрациялық шеберханасымен танысу	сентябрь  Қыркүйек қазан	И.Школьная  Г Молдашева Б Абирова А.Алькина А Елеуова О Горовых А.Каратаев М.Касымбеков
2	Т. Жүргенев ат. ҚазҰӨА Өнертану факультеті 6 адам	Қазақстан кескіндемесі қорымен танысу	Маусым	А Елеуова А Каратаев
3	Қостанай облыстық музейі 1 адам	Қорлар бойынша экскурсия	Қыркүйек	А Елеуова
4	Әл Фараби ат.ҚазҰУ Тарих факультеті 12 адам	Қорлар бойынша экскурсия	Ақпан	Б Абирова А Елеуова О Горовых
5	Павлодар облыстық музейі. 3 адам	Қазақстан кескіндемесі қорына экскурсия	Қазан	А Елеуова О Горовых А Каратаев
6	Әл Фараби ат.ҚазҰУ 40 студент	Дипломалды тәжірибеден өту	Мамыр	Б Абирова А.Алькина А Елеуова О Горовых Каратаев А.
7	Қызылорда облыстық музейі 1 адам	Қазақстан кескіндемесі қорымен танысу	Қараша	А Елеуова О.Горовых





### ААЖ (АИС) жұмысы

Есепті кезеңде дерекқорға **270 сақтам бірлік** енгізілді

Б. Абилова– 62 сақтам бірлік	О. Горовых– 80 сақтам бірлік
А. Алькина– 33 сақтам бірлік	А. Елеуова– 95 сақтам бірлік

### Туындылардың алдын-ала тексерілуі

Қор сақтаушылар мен реставраторлар бірлесе сақтау қоймалары мен экспозициялық залдардағы туындылардың сақталу жағдайын тексеру жұмысын атқарды. Экспозициялық бөлім қызметкерлерімен бірлесе музей залдарында орналасқан туындылардың сақталуын беру актісімен түгендеді.

№	Өнер түрі	Туындылар саны
1	Қазақстан кескіндемесі Шетел кескіндемесі	100 қоймада 90 қоймада
2	Зергерлік өнер қорында	100 қоймада 150 экспозицияда
3	Тоқыма қорында	78 экспозицияда 20 қоймада Қап тігу -20
4	Қазақстан графикасы	219 қоймада
5	Шетел графикасы	81 қоймада
6	Киіз	15 қоймада
8	Тері бұйымдары қоры	50 қоймада 30 экспозицияда
	Мүсін	22 қоймада
9	Шығыс қоры (Сәндік-қолданбалы өнер) Экспонаттарды балалар сабынымен жуып, құрғақ сүлгімен сүрту (кептірілген соң орындарына орналастыру) -2 ай	923 қоймада
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>1837 сақт.бірлік</b>

### Қордағы туындыларды кептіру:

маусым, шілде.

Экспонаттарды кептіру – жұмсақ бұйымдардың жақсы сақталуы үшін аса қажетті жыл сайынғы жұмыс. Температуралық-ылғалдылық режимді сақтаумен бірге киіз және матадан жасалған жұмсақ бұйымдарды жаз мезгілінде жайып, кептіріп алу жұмысы міндеттеледі. Сонымен бірге барлық қор мен

экспозициялық залдарға тоқсан сайын тазалау жұмысы атқарылды. Ағымдағы жылы барлық ірі жұмсақ бұйымдар – киіз, түкті және түксіз кілемдер, гобелендер кептіріліп тазартылды.

№	Өнер түрі	Саны	Сақтаушылар
1	Тоқыма	184 сақтам бірлік	О. Горовых, қатысушылар А.Каратаева, А. Оспанова
2	Киіз	30 сақт.бірл.	А.Каратаев
3	Тоқыма қорынан тазартуға берілді	64 қап	О. Горовых



Кептіруден соң шаңсорғышпен тазартылады. Кілем бұйымдары білікке оралып, қаптары кигізілген күйі орындарына қойылды.

### **Қордағы жоспарлы дезинсекция:**

### **жыл бойы**

Арнайы химиялық заттарды пайдалана отыра қор сақтау қоймалары мен экспозициялық залдарда жоспарлы түрде тоқсан сайын тазалап, өңдеу жұмыстары жүргізіледі.



### **Сүзгіш және дабыл орнату бойынша инженерлік қызметпен жұмыс.**

Қор сақтау қоймаларында дабыл жұмысы үнемі бақылауда, сонымен қатар музейлік заттардың сақталу жағдайына атмосфералық ластанулардың көп әсері бар болғандықтан ауа желдеткіштері мен сүзгіш жүйесі уақытында ауыстырылды.

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ**

Ғылыми жұмыс музей қызметінің негізгі басым түрлерінің бірі саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – музей коллекциясын мен суретшілердің дара шығармаларын зерттеу, атрибуттау мен жинақталған деректерді қорыту болып табылады. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке танымал басылымдарда, конференциялардағы баяндама түрінде жүзеге асырылады, сонымен қатар экскурсия, дәріс пен әдістемелік әзірлемелер дайындауда қолданылады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысына Ғылыми Кеңес жетекшілік етеді. Ғылыми Кеңестің басты мақсаты – мемлекеттік өнер музейінің ғылыми жұмысын жетілдіру және Қазақстан мен шетелдік ғылыми, шығармашылық, педагогикалық қоғамдастық арасындағы байланыстырды нығайтып, кеңейту. Ғылыми Кеңес музейдің кешенді даму және өзара әрекеттестік бағдарламаларын пысықтайды, ғылыми қызметтің негізгі бағыттары мен мәселелері бойынша ұсыныс енгізеді, сонымен қатар ғылыми, ғылыми-анықтамалық, ғылыми-көпшілік басылымдарға дайындалған қолжазбаларды қадағалап, басылымға ұсыну жөнінде нақты қорытындысын шығаруды басты назарда ұстайды.

Музей қызметінің ғылыми-зерттеу бағытының басты бағыты – ғылыми каталогтармен жұмыс істеу. Бұл көпжылдық жұмыстың түпкі мақсаты – егжей-тегжейлі зерттеуден өткен музей коллекциясының тақырыптық бөлімдері бойынша каталогтар шығару. Әрбір ғылыми қызметкер өзінің жеке ғылыми тақырыбын айқындайтын музейлік жинақтар бөлімдерінің жеке материалдарына маманданған. Ғылыми жұмыстың тәжірибелік әдістеріне ғылыми тақырыптарға сәйкес жинақтау мен зерттеу түрлері жатады, өнер туындыларын атрибуттау, зерттеу жұмыстары нәтижелерін мақала, баяндама




түрінде ғылыми-тәжірибелік конференцияларда және ғылыми дәріс, экскурсия, әдістемелік әзірлемелерде қолданады.

**2022 жылы музей коллекциясы бөлімдерінен Ежелгі орыс өнері мен Қытай өнеріне арналған 2 ғылыми каталогы жарық көрді.**

Музейдің өз қорындағы және жеке жинақтамалардан келген көркемсурет туындыларын құрамына тәжірибелі ғылыми қызметкерлер кіретін музейдің Сараптама кеңесінің жұмысы аясында сараптау мен атрибуттау – музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі боп есептеледі.

Жылдың маңызды ғылыми іс-шараларының бірі 2022 жылы 20 қазан күні өткен «Қастеев оқулары - 2022» ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Конференция тақырыбы **«Жаңа Қазақстан музейі: Зерттеулер, тәжірибелер, перспективалар»**. Шараға Қазақстанның Алматы, Нұр-Сұлтан, Семей, Өскемен, Түркістан және Ресей Федерациясы мен Өзбекстанның өнертанушы, мәдениеттанушы, музей ісінің мамандары қатысты. Конференция нәтижесінде қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің 30 мақаласы енген жинақ шығарылды. Музейдің ғылыми жұмысындағы келесі бір маңызды шараның бірі –



Е.Б.Вандровскаяның туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақстан өнертану мектебінің тарихи-теориялық проблемалары» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Конференцияға қазақстандық өнертану жетекші мамандары мен ресейлік өнертану докторы Е.П. Яковлева қатысты. Конференция материалдары негізінде мақалалар жинағын шығару жоспарланды.

Ғылыми жұмыстың келесі бағыты – музейдің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-дәріптеу жұмысы: экскурсия мен дәрістер дайындау, сонымен бірге қалың оқырманға бағытталған жарияланым мен басылымдарды жарыққа шығару болып табылады. Әлемдік және отандық өнер тарихын баяндайтын «Әсем Әлем» кіші өнер академиясының дәрістер курсы көпшіліктің зор ықыласына ие болғандығын айтқанымыз жөн. Дәрісті жүргізетін музей қызметкерлері тақырыптың ауқымдылығын үнемі жаңартып және кеңейтіп отырады.

Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында экскурсия жүргізу әдістемесі, экспозициялық кеңстікті ұйымдастыру, көрме тұжырымдамасын әзірлеу т.б тақырыптарды қамтитын ғылыми семинарлар ұйымдастырылып өткізіледі.

Ғылыми қызметкерлер музей қабырғасында өткен уақытша көрмелерге жетекшілік етті, оған көрме жобасын дайындау барысындағы экспозиция

жасақтау мен тұжырымдама дайындау, аннотация мәтіні мен баспасөз баяның әзірлеу, көрме үйлестіру мен жүзеге асыру қызметінің жұмыстары жатады.

Музейдің ғылыми қызметкерлері МТ ААЖ (мәліметтерді тіркеу автоматты-ақпараттық жүйесі) бойынша бірыңғай сандық дерекқорға мәліметтер енгізу жұмысына қатысады.

Музейдің әр ғылыми қызметкеріне жоспарға сай 50 музейлік заттың ғылыми сипаттамасын жүргізу бекітілген.

## ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Қазақстандық кәсіби суретшілердің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графикасы, театр кескіндемесі және мүсіндік туындылардан 12 мыңнан астам экспонат жинақталып, бекітілген музейдің ең ірі ғылыми бөлімдерінің бірі. Бөлімнің негізгі қарастыратын ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман» қазақстандық суретшілердің шығармашылығын зерттеуге, жеке әрі жалпы стильдік ерекшеліктерін анықтауға, Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі кезеңіндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетуге бағытталған.

Бөлімнің кадрлық құрамы бойынша 7 адам еңбек етеді (Омарова өз еркімен жұмыстан босатылды).

### Жеке ғылыми тақырыптары

**Мұқажанова К.Ж.**  
Бөлім меңгерушісі

«Қазақстандық өнертану мектебі: бастауы, дамуы мен бүгінгі күні» («Казахстанская школа искусствоведения: ее генезис, развитие и сегодняшний день»)

**Мамытова С.М.**  
Кескіндеме  
секторының аға  
ғылыми қызметкері

1960-1980 жылдарғы Қазақстан кітап графикасындағы ұлттық идеяның онтологиялық негіздері». («Онтологические основы национальной идеи в книжной графике Казахстана 1960-1980 годов»)

**Жадайбаев Ә.Ж.**  
Графика және мүсін  
секторының  
жетекші ғылыми  
қызметкері

1. В. Эйферт. Өмірі мен шығармашылығы. В. Эйферт. Жизнь и творчество.  
2. 1970-80 жж Қазақстан бейнелеу өнері. Изобразительное искусство Казахстана 1970-80-х годов.

**Әбілдаева Л.О.**  
Кескіндеме және  
театр-декорация  
өнері секторының  
ғылыми қызметкері

Ә. Қастеевтің қазақ бейнелеу өнеріндегі шығармашылық жолы мен өмірі.

**Мырзабекова С.**  
Графика және мүсін  
секторы  
меңгерушісі

XX ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуындағы көркемдік ерекшеліктер». Тақырыпша: «XX ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуындағы көркемдік ерекшеліктер» (1960-2000)

**Омарова Е.**

«Қазақстандағы орыс суретшілері» Тақырып:

Кескіндеме  
секторының кіші  
ғылыми қызметкері

Қазақстандық кескіндеме шеберлеріне  
Стерлигов мектебінің әсері. Влияние  
Стерлиговской школы на мастеров  
Казахстанской живописи

**Нұразхан Е.И.**

Ә.Қастеев мұрасын  
зерттеу секторының  
жетекшісі

Орталықтың басты атқарған жұмысына музей коллекциясындағы сан жағынан ең көп бөлім боп есептелетін Қазақстан бейнелеу өнерінің қоры бойынша каталог дайындау жатады. Аталмыш жұмыс барысында экспонаттарды ғылыми өңдеумен бірге бөлім қызметкерлері **90 ғылыми сипаттама әзірлеп, авторлық картотекада 81 карточка жүргізді.** Сонымен қатар 70 сақтам бірлікті МТ ААЖ-на бірыңғай сандық дерекқорға енгізді.

Ғылыми жұмыстың тағы бір түріне туындыларды атрибуттау мен көркемдік бағалау жатады. Бөлім қызметкерлері 36 көркем туындыларға ғылыми сараптама жүргізді, олардың ішінде: Мұқажанова К. – 18 дана, Жадайбаев Ә. – 3 дана, Мамытова С. – 7 дана, Әбілдаева Л. – 3, Омарова Е. – 2 дана.

#### Каталогтармен жұмыс

	Каталог атауы	Жұмыс түрі (аннотация, атрибуция, реатрибуция, ғылыми-ақпараттық аппарат, өңдеу және т.б)	Жоспарлау саны
	Каталог «Қазақстанның түпнұсқа графикасы» «Оригиналь ная графика Казахстана»	Суретшілер туралы ақпаратты анықтау, суретшілер туралы жаңа мәліметтерді енгізу, түгендеу, экспонат фотосуреттеріне анықтама. Каталогқа енгізілген ақпарат – 81 сақтам бірлік.	Бөлім қызметкерл ерінің бірлескен жұмысы

## **Халықаралық және отандық конференциялар, семинар мен дөңгелек үстелдерге қатысу**

Бөлім қызметкерлері өздерінің зерттеу тақырыптарына орай баяндамаларымен **конференциялар мен ғылыми форумдарға** белсенді қатысты. Солардың ішінен атап көрсетсек:

- Алғыс айту күніне арналған дөңгелек үстел, 1 наурыз
- Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күніне орай дөңгелек үстел, 31 мамыр
- Шығармашылық зиялыларының I форумы аясындағы дөңгелек үстел, 27 мамыр
- Арт-нарықтың дамуы мәселесі бойынша дөңгелек үстел, 28 қыркүйек
- Жылсайыңғы «Қастеев оқулары - 2022» ғылыми-тәжірибелік конференциясы, 20 қазан
- Өзбекстан Халық суретшісі Р.Ахмедовтың 100 жылдығына арналған «Суретші мен дәуір» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Өнертану институты, Ташкент, Өзбекстан
- Жас ғалымдар мен студенттердің «Фараби әлемі» атты халықаралық конференциясы. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 6-8 сәуір, 2022.

Музей қызметкерлері жыл ішінде бірнеше ғылыми мақалалар дайындап, түрлі деректерде 10 ғылыми мақала жарық көрді (Мұқажанова К.Ж, Жадайбаев Ә.Ж, Мырзабекова С, Мамытова С, Әбілдаева Л). **Аталмыш бөлімдерде ғылыми жарияланымдар мен конференцияларға қатысым мәліметтері қоса берілді.**

2022 жылдың атаулы жобасы ретінде Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ мен «Social Development Center» ҚҚ «Рухани жаңғыру» бірлескен **«Ұлы тауларының шыңдары» Республикалық Арт симпозиумы** жарияланды. Жоба аясында бөлім қызметкерлері туындыларды іріктеу, көрме ұйымдастыру мен дөңгелек үстел, вернисаж өткізу, каталог дайындау жұмыстарын атқарды. Аталмыш жоба ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен «Social Development Center» ҚҚ қолдауымен жүзеге асырылды.

